

## Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 122 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 наурызда № 6223 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 248 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 03.05.2016 № 248 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т. Исабаев*

Әкімдіктің  
2016 жылғы 25 ақпандағы  
№ 122 қаулысымен бекітілген

## Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі ветеринария салаласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомствосы бар:

1) Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринарлық станциясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

3. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз

қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол кенті, Терешкова көшесі, 19 А үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ветеринария саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады.

15. Міндеттері:

- 1) жануарларды аурулардан қорғау және емдеу;
- 2) ветеринариялық- санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

- 1) мүдделі тұлғаларға өткізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- 2) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;
- 3) аудан шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- 4) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізу бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;
- 5) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ведомствоның функциялары:

- 1) малдарың аса қауіпті және энзоотикалық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларын жүргізу;
- 2) ветеринарлық анықтамалар беру;
- 3) биологиялық материалдың сынауын іріктеп алу және оларды ветеринарлық зертханаға жеткізу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттар, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;
- 2) оның құзырына жатқызылған мәселелер бойынша сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

18. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшылықты Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қостанай ауданы ауданы әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

қаржылық құжаттарда бірінші қол қою құқығы бар, шарттар жасасады, сенімхаттар береді;

лауазымдық міндеттерін бөледі және бекітеді, мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

іссапарлар, тағылымдамалар, оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін көтерудің өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

жұмысқа қабылдайды және босатады, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып

алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.